

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1484 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 8 шілдедегі N 1613 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 19 мамырдағы № 86 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.05.19 № 86 Жарлығымен.**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 87-бабының 4-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 36-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының ауылдық (селолық) округтері, ауылдары (селолары), кенттері әкімдерінің сайлауын өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1484 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 48, 595-күжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік басқаруды ода әрі орталықсыздандыру мәселелері жөніндегі заңдарды қолданысқа енгізгеннен және жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізгеннен кейін Қазақстан Республикасының ауылдық (селолық) округтері, ауылдары (селолары), кенттері әкімдерінің сайлауын белгілесін, ұйымдастырсын және кезең-кезеңімен өткізсін;"

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*